М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде жыл сайын «Оқытудың инновациялық технологияларын енгізу» байқауы жыл сайын II кезеңде, I кезең – факультетте, II кезең – университетте өткізіледі. 2020-2021 оқу жылында байқаудың I кезеңіне 24 инновациялық жоба ұсынылды. Байқаудың I кезеңінің қорытындысы бойынша II кезеңге 13 жұмыс жолданды.



және менеджмент кафедрасының доценті Сулейменова Гулнар Наухановна, «Экономика» білім беру бағдарламасының магистранты Сағынов Али «Цифрлық технология: тиімді оқытудың кешенді әдістері»;

III дәрежелі диплом: бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының оқытушысы Есенғалиева Алия Каниденовна «Дәстүрлі көркем тоқыма өнер әдісін

әйел адам киімін жобалауда қолдану»

III дәрежелі диплом: мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы мен оқытушысы Федорченко Лариса Александровна, Мухиева Гульмира Сейтмуханбетовна «Использование Google приложения: таблиц, документов, презентаций в образовательном процессе ВУЗа».

Байқаудың қорытынды кезеңінің 7

қатысушысына Алғыс хат табыс етілді:


1. физика кафедрасының оқытушысы Есенғалиева Алмагул Насипкалиевна «Қашықтықтан оқыту жағдайында астрономия пәнін оқытудың технологиясы»;
2. математика кафедрасының оқытушысы Жәшім Нұрпатша Бекболатқызы «Kahoot цифрлық Smart сервисін математика пәнін оқытуда қолдану тиімділігі»;
3. шетел тілдері кафедрасының оқытушысы Сисекешова Акнур Сансызбаевна «Шетел тілін оқытуда «Google Zoom» платформаларын қолдану»;
4. экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы Буланова Надежда Константиновна «Методика инклюзивного образования студентов по дисциплине инфраструктура туризма и внедрение модели «Train-the-trainer»»;
5. музыкалық білім және вокал кафедрасының оқытушысы Елемесов Жеңісбек Асылжанұлы «Современное музыкальное образование: инновации – работа с нотными редакторами»;
6. қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы Сагидуллиева Сандугаш Саматовна ««Синквейн» әдісі арқылы кері байланыс негізінде студенттердің сыни ойлау дағдысын дамыту»;
7. хореография және мәдени-тынығу кафедрасының оқытушысы Насырова Мирангул Аязбаевна «Ақпараттық сауаттылық мектебі».

Байқауға қатысушылардың жұмыстары «Озық педагогикалық тәжірибе мектебі» жинағында жарияланады.

Жаңартпашылық технологиялар және цифрландыру департаментінің әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімі

ҚАЗАҚСТАН - алма мен қызғалдақтың ең алғашқы Отаны

Жақында педагогика факультеті мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы, магистр В.Т.Арыстанғалиева ДОВ-23 тобының студенттеріне «Қазақстан - алма мен қызғалдақтың ең алғашқы Отаны» атты онлайн танымдық сағат өткізді. Бұл ашық кураторлық сағаттың мақсаты - туған жердің тарихын білуге, құндылықтарын қастерлеп, дамуына өз үлесін қосу. Ұлы дала кеңістігінен шыққан өркениетті жетістіктерді ұмытпай, одан әрі дәріптеу.



Туған жерді қорғауға, Отанды сүюге тәрбиелеу. Танымдық сағат барысында студенттер Елбасымыздың мақаласына шолу жасап, ұлттық тарихымызға тереңірек үңіліп, алма мен қызғалдақ жайлы танымдық мәліметтермен таныс болды. Топ студенттері «Қызғалдақ» және «Алма» атауымен екі топқа бөлініп, танымдық сабақтың түрлі кезеңдерінде берілген тапсырмаларды орындады. Тапсырмалар өте қызықты болды, атап өтсек, бірінші тапсырма кезінде студенттер алманың пайдасы туралы постер қорғаса, «Алма - дастархан көркі» атты екінші тапсырмада алманы әдемілеп кесіп көрсеткен болатын. Тапсырмаларды орындау барысында «Сағындым Алматымды», «Алматының түндері-ай» әндері қойылып, ерекше көңіл-күйге бөледі. Сонымен қатар, «Ұлы даланың жеті қыры: Қазақстан

алма мен қызғалдақтың Отаны» атты бейнероликті тамшалады. Танымдық сабақ қызықты презентациялармен көркемделіп, студенттердің біле бермейтін қызықты мәліметтерімен толықтырылды. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы еліміздің халықаралық беделін нығайтуға, қазіргі заманның мәдениеттерін өзара жақындастыруға және байытуға зор үлесін қосатыны туралы сөз қозғалды. Студенттерді еліміздің тарихын, мәдениетін дәріптей отырып, теңдесі жоқ құндылықтарымызды құрметтеуге шақырды. Қазіргі еліміздегі ахуалдық жағдайға байланысты танымдық сабағымыз онлайн түрде өтсе де, студенттердің барлығы белсене қатысып, кураторлық сағат жоғары деңгейде өтті.

В.АРЫСТАНҒАЛИЕВА,
аға оқытушы, магистр

Тәуелсіз Қазақстан — ел ертеңі


Жуырда құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы А.Ж.Қуспанованың ұйымдастыруымен құқықтану мамандығының 1-курс студенттері арасында халқымыз үшін ең қасиетті де қастерлі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам басуына орай «Тәуелсіз Қазақстан — ел ертеңі» атты интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды.

Бірнеше турдан құралған сайыста студенттер еліміздің тарихын зерделеп, өткеніне көз жүгіртті. Ақыл-ой мен жүйріктікке баулыған сайыста студенттер өздерінің танымдық деңгейін көрсете білді.



Сана – рухани жаңғыру іргетасы

29 сәуір күні Педагогика факультетінде Балмира Ерболатқызының ұйымдастыруымен «Сана – рухани жаңғыру іргетасы» атты кураторлық сағат өтті. Кураторлық сағаттың басты мақсаты – студенттерді Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен таныстыру. Мақаланың «Сананың ашықтығы» бөліміне тоқталған студенттер еліміздің алға қойған басты міндеттерін талқылады. Сана ашықтығы туралы бейнеролик көрсетіліп, студенттер өз ойларымен бөлісті.



Ардақты ардагер - Қалам Сүйіншәлиев



Қалам Сүйіншәлиев жау жағадан алғанда, жаспын деп отырмады. Қолына қару алып, ел қорғауға аттанды. Қару-жарақпен азық-түлік тиеген вагондардың майдандағы жауынгерлерге жетуін қамтамасыз етті. Құжат бойынша 1925 жылдың 18 қаңтарында дүниеге келген. Бірақ, дәл осы күн екені де айқын емес. Бұған себеп, Қалам ата елуге толғанда анасы тойдың үстінде келіні Фарузаға: «Мен Қаламжанды қыста емес, әкесі пішен шауып жатқанда тудым» депті. Тек ай-күні белгісіздеу болғанмен, 1925 жылы дүниеге келгені анық.

жаудан тайсалмай қорғауым керек! Содан мені Закавказье майданына, Грузия мен Түркия шекарасына арнайы стратегиялық маңызы бар тас жолын әуеден қорғайтын әскери бөлімдер құрып, жаңа қару-жарақты меңгертіп, құпия стратегиялық жоспарды іске асыру бағдарламасын жаттықтырып, жан-жақты дайындады. Ауылдан шыққан қара домалақ бозбала – Қалам Сүйіншәлиевті осылайша ұрыс даласына шыңдады, шынықтырды. Біз қорғайтын Отан біреу! Сондықтан, ұлтқа, ұлысқа бөліну дегенді білмедік. Талай көп ұлтты жігіттермен титтей қара нанды қиқымына дейін бөлісіп жеп, аздам басымызды түйістіріп қалғып алатынбыз. Бәріміз де соғыстың тезірек бітуін қалайтынбыз. Туған жерге аман-есен Жеңіс туын желбіретіп жететін күнді аңсаушы едік. Сол арманға бойдағы сеніммен, ертеңге деген үмітпен жеттік. Соғыс төмемдалған бойда Закавказье майданындағы әскери күштерді демобилизацияға даярлап, ауылға қайтарды. «Жыртық үйдің де Құдайы бар» демекші, бағым бар екен, тізімге ілігіп кетіп, аман-сау еліме оралдым. Сонда, бауырларыма қосылып, анамның қуанғанын көрсеніз ғой?!- деп еске алған...

Қалам Жұмашұлының өмірі біздің қарашанырақ М.Өтемісов атындағы БҚУ-мен тығыз байланысты. Ол 1950 жылы Орал педагогикалық институтын бітіріп, облыстық оқу бөлімінің жетім балалар секторының инспекторы болып істеді. Одан облыстық партия комитетінде мектептер бөлімінде нұсқаушы, бірінші хатшының көмекшісі қызметтерін атқарды. 1955 жылдан бастап өмірден бар көрген-түйгенін, тәжірибесін, алған білімін тек ұрпақ тәрбиесіне, ұстаздық салаға арнады. Көптеген еңбектері Қазақстан тарихының оқулықтарына енді. Соғыстан соң тарих факультетінің орыс тобына түскен. Бұл туралы да атамыз Мира Шүйіншәлиеваға берге сұхбатында:

«Құрбылардан кем қалмауға тырысып ұқыпты, жинақы, әдепті болдық. Намысқа тырысып, сабақты

беске оқыдық. Майра Мақатова деген апамыз болды соғысқа қатысқан. Өте сауатты еді. Біздің 33 студенттің тоғызы қазақ, алтауы ауылдан келген қыз-жігіттер еді. Осы топты бітіргендердің сегізі ғалым болып, кандидаттық қорғады. Алтауы Орал педагогикалық институтында жұмыс істеді. Соның бірі өзіміз. Республикадағы алдыңғы қатарлы бұл жоғары оқу орнының бізге берген білімі, парасаты, мәдени тәрбиесі өте жоғары. Біріншіден, азамат қатарына қосылып, адам болсам, елімнің бір кәдесіне жаратқан осы университетім деп бағалаймын. Екіншіден, болашақ асыл жарымды да осы оқу орнынан таптым. Көбісі менен кештеу отбасын құрғанымды сұрайды. Шыны керек, отыз жасымда Фаруза Ниетқызы Сұлтановаға үйлендім. Өзімнен бұрын анама шәй құйып беруге лайық, отбасының қадірін білетін, қазақы тәрбиесі жанарынан көрініп тұратын, көркіне ақылы сай бойжеткенге, яғни өзімнің студентіме дәріс оқып жүріп көзім түсті. Алғашында соғыс салған жүрегімдегі жара жазылмай, тұрмыс-тіршілігіміз түзелмей, отау құрып, шаңырақ көтеруге асыға қоймағаным рас. «Үйлену оңай – үй болу қиын» демекші, жастық жігерімді білімге, ғылымға арнап жүріп қалдым. Оның несін жасырайын. «Орнында бар оңалар» демекші, 1957 жылдың дәл 23 ақпаны күні анамыздың ақ батасымен, ағайын-туыстың ақ тілегімен қолұстасып, ендігі болашаққа бірге аттануға уәде бердік. Шүкір, Жасұлан, Руслан, Саида есімді үш баламыз бүгінде Қазақстанның бір-бір үлкен азаматына айналды. Бүгінде осы ұрпақтарымынан өрбіген немере-жеңдерді иіскеп, Фаруза апаң екеуміз құтты шаңырағымыздың астында бақытты ғұмыр кешудеміз. Адам баласында қуа берсең, қиялдай берсең арман таусылмайды. Ең басты мақсаты – азамат болу еді. Тартынып-тартысып жүріп, өмірдің жақсы-жаманын көріп жүріп, бейбіт заманның арқасында, тыныштық пен шалтты тұрмыстың арқасында биік-биік мақсаттарға қолым жетті-ау деп ойлаймын,-деп, сөзін түйіндеді.

Сүйіншәлиевтер отбасы батырдан да, ғалымнан да кенде болған жоқ. Қалам атаның туған ағасы Ханғали Жұмашұлы - ғалым, әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген жоғарғы мектеп қызметкері, I дәрежелі Отан соғысы және Қызыл Жұлдыз ордендерімен, медальдармен марапатталған батыр.

Қалам ата да қан майданға жастай аттанды. 1942 жылдың күзі айы. Алдымен әкесі көз жұмғанда орнында қалып, қамқорлаған туған інісі Ғаббас көкесі кетеді. Бұл туралы Қалам Сүйіншәлиев 2015 жылы «Жайық үні» газетіне берген сұхбатында:

«Бұл қырық екінші жыл біздің жанұяға қасірет-қайғы әкелді. Біз арқа сүйеген Ғаббас көкем Сталинград түбіндегі шайқаста ерлікпен қаза тапты. Өте қайратты, әкем секілді алғыр жігіт еді. Ол да қырық бестің о жақ бұ жағынан бері ұзамай, жұлдызы ерте сөнді. Кім-кімде тағдырдың жазғанына көнеді. Ғаббас көкемнен айрылып қалғанымыз, оның соңынан жеткен қара қағаз Сүйіншәлиевтер әулетін есеңгіретіп тастады. Майданға аттанған Ханғали ағам тап осы жылы екі балдаққа сүйеніп елге оралды. Мәскеу түбіндегі соғыста қатты жараланыпты. Ағам келген бойда мен кеттім майданға. Үй-іші үрейленіп, маған сұраулы жүзбен қарап қалды. Көкейлерінде: «Қарғам, сенімен қауышамыз ба, әлде Ғаббас көкеңнің соңынан кетесің бе?» деген ой тұрды. Амал не? Елімді, Отан-анамды

И в учебе, и в спорте - впереди!

Представляем Вашему вниманию нашего выпускника, который ныне учится в Польше, магистранта Политехнического университета Мендыхана.

Студента, который делает успехи в учёбе, а его главное хобби и достижение - футбол. В своём родном городе в Казахстане играл в мини-футбол, выступал в городских соревнованиях. Занимался серьёзно футболом почти 10 лет.

Амандык Алпамысовна, мама Мендыхана:

Политехнический университет в Польше пригласил Мендыхана выступать в футболе за Политехнический университет.

Мендыхан с детства увлекался роботами, всякой техникой, и любил играть в футбол.

После окончания пятого класса хотел поступить в футбольную команду «Жайык», но оказалось так, что по времени опоздали с поступлением. Несмотря на неудачу с ФК, Мендыхан не предавал свою мечту и дальше продолжал усердно тренироваться и заниматься футболом.

При поступлении в вуз, по совету и наставлению сестры Мадины Мухаммедовны, выбрал специализацию «Робототехника» (Вычислительная техника и программное обеспечение) и поступил в наш ЗКУ им.М.Утемисова.

И в студенческие годы продолжал заниматься футболом, играл за наш вуз в составе команды ЗКУ. Не прерывая учебу, занимался и наукой, был старостой группы, активно участвовал в студенческой жизни факультета, посетил библиотеку Н.А. Назарбаева, а по итогам 4 курса был переведен на обучение по гранту.

В 2020 году был участником студенческой конференции - проекта «I международное издание» и был награжден Дипломом I степени «Лучший молодой учёный - 2020» среди научно-образовательных учреждений Содружества независимых государств,

организованного Объединением юридических лиц в форме ассоциации «Общенациональное движение «Бобек».

На завершающем 4 курсе проходил практику в Карачаганак Петролеум Оперэйтинг б.в., которая ему очень понравилась. Как говорится: «Талант ничем не утай и не угубить», не ограничиваясь одной практикой, он и там успел побыть частью футбольной команды и поиграть за команду КПО.

Первым поехал учиться в магистратуру его брат Алим, он заранее готовился к поступлению - учил польский язык. Узнав о возможности учиться за рубежом, папа (Бахаев Асылбек) Мендыхана предложил ему тоже поехать обучаться в магистратуре. Несмотря на платную форму обучения, папа Мендыхана хотел, чтоб сын получил европейское образование, познакомился с европейской культурой, традициями, их бытом, посмотрел студенческую жизнь в Европе и позанимался там спортом. Наставляя сына перед отъездом, папа Мендыхана сказал: «Не оборачивайся назад, учись, развивайся! Не беспокойся о средствах оплаты, с оплатой за обучение я тебе помогу. Самое главное, чтобы ты сам твёрдо стоял на ногах и был «кузнецом своего дела!»

Несмотря на коррективы, внесенные пандемией с прошлого года, в обучении и в нашей жизни, мы видим, что и в таких ситуациях, как онлайн обучение, можно найти способы самовыражаться, не предавать свою мечту и идти к своей цели, хоть и маленькими, но верными шагами.

Судя по тому, как наша молодежь ценит и ведет здоровый, активный образ жизни, как правильно применяет и демонстрирует свои знания, талант и навыки в другой стране, в другой культуре, мы с уверенностью можем сказать, что мы воспитали молодежь, на которую можем с гордостью смотреть и опереться!

Желаем удачи и высоких достижений Мендыхану и его родным!





Дорогой абитуриент!

Сегодня время ПРОФЕССИОНАЛОВ ВЫСОКОЙ КУЛЬТУРЫ.
ЗКУ – это Качество, проверенное Временем, ключ – к Успеху в Будущем!

*А самое главное, ребята – каждого из вас ждет
большая дружная студенческая семья
Западно-Казахстанского университета им.М.Утемисова.*

ЗКУ:

- государственные гранты на обучение;
- 90-летний опыт подготовки кадров;
- в первой 10-ке «Лучших вузов Казахстана»;
- высокий уровень профессорско-преподавательского состава;
- 92% трудоустройства выпускников;
- возможность обучения на военной кафедре.

Наш Западно-Казахстанский университет им. М.Утемисова всем вам хорошо знаком. Это один из первых высших учебных заведений Казахстана, который около 90 лет готовит кадры для Западного региона страны, и почти в каждой вашей семье родители или бабушки-бабушки являются выпускниками нашего вуза.

Всего из стен университета за эти годы выпущено свыше 75 тысяч выпускников, среди которых много известных общественных и государственных деятелей, ученых, педагогов, специалистов.

Сегодня в ЗКУ обучаются свыше 6 тысяч студентов и магистрантов. Функционируют шесть факультетов: педагогический, филологический, естественно-географический, физико-математический, истории, экономики и права, культуры и искусства.

На 22 кафедрах ведется подготовка специалистов высшей квалификации по 60 образовательным программам бакалавриата и 24 магистратуры.

В ЗКУ имеются хорошие условия для получения полноценного образования: у нас лучшая в регионе богатейшая научная библиотека (более 1 млн.единиц хранения), отдел редких книг, электронные читальные залы; единственный в Казахстане гербарный фонд, включенный в международный каталог; около 10 спортивных объектов (спортзалы и площадки); современная испытательная лаборатория экологии и биогеохимии; агробиостанция; в распоряжении студентов - учебные, научные и виртуальные лаборатории; крупнейший в области компьютерный комплекс из более чем 1000 компьютеров, мультимедийных классов, объединенных в локальную сеть с безлимитным доступом в Интернет;

Все иногородние первокурсники обеспечиваются общежитием – у нас три студенческих общежития на 1000 мест.

На многих специальностях занятия ведутся на английском языке. Около 5 лет в университете функционирует Институт полиязычия, где преподают топ-менеджеры – профессоры из Кореи, Польши, Филиппин, Италии и других стран. За последние три года по программе академической мобильности около 200 студентов и магистрантов прошли обучение в странах ближнего и дальнего зарубежья. Всего университетом заключено свыше 140 международных договоров о сотрудничестве, среди них – Великобритания, США, Южная Корея, Китай, Малайзия, Германия, Бельгия, Польша, Португалия,



Номер и наименование групп образовательных программ	Код и наименование образовательных программ (специальности)	Абитуриентам, сдающих ЕНТ по 5-ти предметам	
		1 профильный предмет	2 профильный предмет
6B01 Педагогические науки			
B001 Педагогика и психология	6B01101 Педагогика и психология	Биология	География
B002 Дошкольное обучение и воспитание	6B01201 Дошкольное обучение и воспитание	Биология	География
B003 Педагогика и методика начального обучения	6B01301 Педагогика и методика начального обучения	Биология	География
B004 Подготовка учителей начальной военной подготовки	6B01408 Начальная военная и физическая подготовка	Творческий экзамен	Творческий экзамен
B005 Подготовка учителей физической культуры	6B01402 Физическая культура и спорт	Творческий экзамен	Творческий экзамен
	6B01403 Адаптивная физическая культура и спорт	Творческий экзамен	Творческий экзамен
B006 Подготовка учителей музыки	6B01404 Музыкальное образование	Творческий экзамен	Творческий экзамен
B007 Подготовка учителей художественного труда и черчения	6B01406 Художественный труд и дизайн в школе	Творческий экзамен	Творческий экзамен
B009 Подготовка учителей математики	6B01502 Математика-Физика	Математика	Физика
	6B01503 Математика-Информатика	Математика	Физика
B010 Подготовка учителей физики	6B01505 Физика-Информатика	Физика	Математика
	6B01513 Физика на английском языке	Физика	Математика
B011 Подготовка учителей информатики	6B01506 Информатика	Математика	Физика
	6B01514 Информатика на английском языке	Математика	Физика
B012 Подготовка учителей химии	6B01507 Химия	Химия	Биология
	6B01508 Химия-Биология	Химия	Биология
	6B01515 Химия на английском языке	Химия	Биология
B013 Подготовка учителей биологии	6B01509 Биология	Биология	Химия
	6B01516 Биология на английском языке	Химия	Биология
	6B01526 Биология-География	Биология	Химия
B014 Подготовка учителей географии	6B01510 География	География	Всемирная история
	6B01512 География-История	География	Всемирная история
B015 Подготовка учителей по гуманитарным предметам	6B01601 История	Всемирная история	География
B016 Подготовка учителей казахского языка и литературы	6B01701 Казахский язык и литература	Казахский язык	Казахская литература
	6B01702 Казахский язык и литература в школах с неказахским языком обучения	Казахский язык	Казахская литература
B017 Подготовка учителей русского языка и литературы	6B01703 Русский язык и литература	Русский язык	Русская литература
	6B01704 Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения	Русский язык	Русская литература
B018 Подготовка учителей иностранного языка	6B01705 Иностранный язык: два иностранных языка (английский и немецкий языки / английский и французский языки)	Иностранный язык	Всемирная история
B019 Подготовка специалистов по социальной педагогике и самопознанию	6B01801 Социальная педагогика и самопознание	Биология	География
6B02 Искусство и гуманитарные науки			
B021 Исполнительское искусство	6B02113 Инструментальное исполнительство: Струнные инструменты	Творческий экзамен	Творческий экзамен
	6B02114 Инструментальное исполнительство: Духовые инструменты	Творческий экзамен	Творческий экзамен
	6B02115 Инструментальное исполнительство: Фортепиано	Творческий экзамен	Творческий экзамен
	6B02102 Вокальное искусство	Творческий экзамен	Творческий экзамен
	6B02116 Традиционно-музыкальное искусство: Народное пение	Творческий экзамен	Творческий экзамен
	6B02117 Традиционно-музыкальное искусство: Народные инструменты	Творческий экзамен	Творческий экзамен
B027 Театральное искусство	6B02104 Режиссура	Творческий экзамен	Творческий экзамен
B028 Хореография	6B02105 Хореография	Творческий экзамен	Творческий экзамен
B031 Мода, дизайн	6B02123 Мода и дизайн костюма	Творческий экзамен	Творческий экзамен
	6B02124 Дизайн интерьера	Творческий экзамен	Творческий экзамен
B034 История и археология	6B02201 История	Всемирная история	География
B037 Филология	6B02301 Филология: казахская филология	Казахский язык	Казахская литература
	6B02302 Филология: русская филология	Русский язык	Русская литература
6B03 Социальные науки, журналистика и информация			
B038 Социология	6B03101 Социология	Математика	География
B140 Международные отношения и дипломатия	6B03106 Регионоведение	Всемирная история	Иностранный язык
	6B03102 Международные отношения	Всемирная история	Иностранный язык
B043 Библиотечное дело, обработка информации и архивное дело	6B03201 Библиотечное дело	Казахский /Русский язык	Казахская /Русская литература
6B04 Бизнес, управление и право			
B044 Менеджмент и управление	6B04102 Экономическая безопасность	Математика	География
	6B04108 Экономика и менеджмент	Математика	География
	6B04106 Государственное и местное управление	Математика	География
B045 Аудит и налогообложение	6B04111 Учет и аудит	Математика	География
B046 Финансы, экономика, банковское и страховое дело	6B04105 Финансы	Математика	География
B047 Маркетинг и реклама	6B04114 Маркетинг и бизнес	Математика	География
B049 Право	6B04202 Юриспруденция	Всемирная история	Основы права
6B05 Естественные науки, математика и статистика			
B051 Окружающая среда	6B05201 Экология	Биология	География
B052 Наука о земле	6B05204 География	Математика	География
B053 Химия	6B05301 Химия	Химия	Биология
6B06 Информационно - коммуникационные технологии			
B057 Информационные технологии	6B06102 Информационные системы	Математика	Физика
	6B06103 Вычислительная техника и программное обеспечение	Математика	Физика
6B11 Услуги			
B091 Туризм	6B11101 Туризм	География	Иностранный язык
B092 Досуг	6B11102 Культурно-досуговая работа	Творческий экзамен	Творческий экзамен

Дорогие ребята, уважаемые родители, по вопросам приемной комиссии, организации образовательного, воспитательного процесса, проживания обращайтесь по АДРЕСУ:

г. Уральск, пр. Назарбаева, 162
Телефон приемной комиссии: 8 (7112) 50-44-20
87051694030, 87081857790, 87715355516 (WhatsApp)
Наш сайт: www.wksu.kz, talapker.wksu.kz
Instagram: @makhambet.university

Италия, Литва, Болгария, Турция, Индия, Швейцария, вузы СНГ и др.

Центр Интернационализации ЗКУ активно расширяет совместные двудипломные образовательные программы с вузами-партнерами, реализуется полиязычная программа подготовки специалистов со знанием английского языка.

В 2019 году открылся Центр обслуживания студентов (ЦОС).

Студенческая жизнь у наших ребят очень интересная и насыщенная – все внеучебные мероприятия организывает студенческое самоуправление, действуют студенческие строительные отряды, отряды «Жасыл ел», волонтерское движение, дебатные клубы, культурно-творческие объединения, на всех кафедрах есть научные кружки. Студенты ЗКУ ежегодно участвуют на республиканских предметных олимпиадах, конференциях, международных конкурсах и универсиадах, на которых занимают призовые места.

Студенты университета активно участвуют в молодежных старт-ап проектах, 8 наших команд вышли в полуфинал республиканского конкурса. Студентам-отличникам учебы и активистам ректорат присуждает президентские и именные стипендии.

С мая 2018 года руководит университетом очень интересная, незаурядная личность – продвинутый, креативный и устремленный человек, ученый и большой друг молодежи - Нурлан Сергалиев, профессор, кандидат биологических наук, выпускник Московской Тимирязевской академии, обладатель Государственной премии им. Аль-Фараби в области науки и техники. Коллектив университета очень ценит внимание и заботу, оказываемые ректором студенческой молодежи.

Благодаря нацеленности коллектива на качество образования, интеграцию с наукой, инновации и эффективное взаимодействие с партнёрами на всех уровнях, а также большой поддержке и взаимопониманию со стороны профессорско-преподавательского состава, ветеранов и студентов вуза университет успешно проходит международную аккредитацию и не только укрепился в рейтинге вузов, но по многим направлениям подготовки ЗКУ занимает лидирующие позиции. Мы гордимся тем, что Западно-Казахстанский университет им. М.Утемисова в рейтинге Лучших университетов страны и по многим показателям входит в первую десятку высших учебных заведений Казахстана!

НОВОСТИ ЗКУ:

1. В университете внедрены **двудипломные учебные программы** с вузами Российской Федерации.
2. Функционирует двух, трехлетняя сокращенная форма обучения по **дистанционной технологии** (вместо прежней заочной формы обучения).



«Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым»- деген екен Александр Македонский. Шынымен, талай шәкіртті біліммен сусындатып, өмірлік жолдарын табуына бағыт беріп, саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған жанның бірі - Қодарова Ханафия Қарасайқызы. Міне, осы асыл жан, ұлағатты ұстаз жөнінде сөз қозғамақпын.



Ол 1925 жылдың 14 қазанында Атырау Облысының Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Әкесі Қарасай орыс тілі мен әдебиетінен мектепте сабақ берсе, ал анасы Жамал үй шаруасымен, бала тәрбиесімен айналысқан. Отбасында екі қыз, екі ұл тәрбиеленген. Кішкентайларынан білімге зейінді, еңбекқор болып өседі. Ұлы Отан Соғысы басталған кезде еңбекке ерте араласып, колхозда қандай жұмыс болса да жауапкершілікті ерте сезініп, аянбай күндіз-түні еңбек еткен. Чапаев Орыс мектебінде сабағын өте жақсы оқыған үздік оқушы болған.

1937 жылы әкеміздің әкесі Қарасай атамyz Алашорданың белсенді мүшесі болғандықтан, оларды жанұясымен репрессиялық қудалауға ұшыратып Коловертное ауылына жібереді. Бірақ арада бір жыл өткен соң 1938 жылы олар Чапаев ауылына қайтадан көшіп келеді. Қарасай атамyz облысымызға белгілі ұлағатты ұстаз болған. Сол кездерде халық мұғалімі деген атаққа ие болған ұстаздың бірі еді.

1943 жылы Ханафия әкеміз Чапаев орыс мектебін үздік тәмамдап, Орал Педагогикалық Институтының Физика-математика факультетіне оқуға түскен. 1946-1948 жылдары аралығында білімін Саратов педагогикалық институтында жалғастырады. 1948 жылы оқу орнын үздік тәмамдап, туған ауылы Чапаев оралып, орыс мектебінде физика пәнінен сабақ бере бастайды.

1951 жылы өмірлік жан жары Әбілов Хаби атамyzға

Ұлағатты ұстаз, тұл ардагері - Ханафия Қарасайқызы

тұрмысқа шығып, жанұя құрады. 1952 жылы Ханафия әкемізді мамандардың жетіспеушілігіне байланысты Орал педагогикалық институтына физика-математика кафедрасына университет басшылығы жұмысқа шақырады. Әкеміз 1952- 1985 жылдар аралығында Орал педагогикалық институтында жемісті, өнегелі еңбек етті. Көптеген шәкірттерді тәрбиеледі, оларды білім нәрімен сусындатты. Осы оқу орнында қызмет жасай жүріп, кеңестік кезеңде орыс тіліндегі физика, математика оқулықтарын қазақ тіліне аударған. Сонымен қатар физика, математика ғылымдарының дамуына өзінің сүбелі үлесін қосқанын баса айтуға болады. Университетте жемісті еңбек еткен жылдары аға оқытушы деген атаққа да ие болған.

Ханафия әкеміз: Чапайда оқушы кезімізде біздің ауылымызға Ленинградтан, Украинадан физика, биология, тарихтан өте білімді мұғалімдер келіп сабақ берген еді. Мектеп іші, кабинеттер оқу құралдарымен толық қамтамасыз етілмесе де, сабақты ынталы жақсы оқыдық. Сол кісілердің берген білімдерінің арқасында оқуға түстік. Мен институтқа қызметке келген жылдары ректор С.А Ақмурзин, одан кейін Х.К Кенжеғұлов, одан кейін Е.А Ағелеуов болған. Ол кезде физика кафедрасын Г.С Якимович басқаратын. Мен университетте Е.Д. Жүнісов, Н.М. Сатыбаев, Г.П. Серов, В.В. Новикова сынды мұғалімдермен қызметтес болдым. Мен олардан педагогикалық мамандар даярлаудағы сабақ беру әдісін үйрендім және өте көп тәжірибе

жинақтадым,-деп еске алушы еді.

Ханафия әкеміздің осы өнегелі істері ескерусіз қалмады. Қазақ КСР-нің Ағарту Үздігі медалімен, Құрмет белгісі орденімен және бірнеше Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен марапатталған. Сонымен қатар, Ұлы жеңістің 60,65, 70 жылдығына байланысты медальдармен, Ректор Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлының алғыс хатымен және 2009-2010 жылдары Білім және Ғылым Министрі Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың алғыс хатымен марапатталған

Бір ерекшелігі Ханафия әкеміз жасының үлкендігіне қарамастан күрделі сөзжұмбақтарды шешуді, газет журналдарды оқуды қатты жақсы көрген, сөзжұмбақтарды 93 жасына дейін шешкен. Есте сақтау қабілеті өте жақсы болғаны соншалық, осыдан 30-40 жыл бұрын болған оқиғаларды үтір-нүктесіне дейін жаңылмай айтып беріп отыратын.

Ханафия әкеміз өзі еңбекқорлығының, іскерлігінің, күш-жігерінің мықты болғанының арқасында көп жасады. 2015 жылдың 10 ақпанында 96 жасында дүниеден өтті.


Барлық саналы ғұмырын еңбек, білім мен тәрбиеге арнаған жанның өмірі қаншама адамға үлгі. Осындай асыл жанның біздің университетіміздің түлегі болғанын, аға оқытушысы болғанын мақтанышпен айта аламын.

А.Н ЕСЕНГАЛИЕВА,
Физика кафедрасының оқытушысы

Ғасыр ақыны

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫРЛАҒАН ЖҮРЕК

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Педагогика факультеті мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушысы, магистр Ж.Ж.Нәбиева ДОВ -21 тобымен «XX ғасырдың Гомері», жыр дүлдiлi, ғасыр ақыны, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Жүз жыл жырлаған жүрек» тақырыбында танымдық кеш ұйымдастырды.



жырау, халық ақыны, ірі айтыскер ақынның өмірі мен шығармашылығы жөнінде баяндама оқыса, сұрапыл соғыс жылдарындағы ауыр күндерде әр жауынгерге дем берген «Ленинградтық өренім» жырын топ студенті Нұрболқызы Сабира мәнерлеп оқыды. Сонымен бірге, Жамбыл бабамыздың ақындық өнері мен «Жамбыл мұражайы» туралы бейнероликтер көрсетілді. Халық поэзиясының алыбы атанған Жамбылдың есімі дүниежүзі халықтарына кеңінен мәлім екендігі бәрімізге белгілі. «Жамбыл – ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау. Оның бір өзі әрі эпик, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық өуеннің де ақыны» - деп, жазушы Мұхтар Әуезов Жамбылға баға береді. Халық ақыны - Жамбылдың қуатты жырлары күні бүгінге дейін өз сарынын жоймаған. Жоймайды да. Өйткені, шындық жырланған, ақиқат ат үстінде айтылған өлеңдер өміршең боп қала береді.

Ж.Ж.НӘБИЕВА,
Аға куратор

Тарих, экономика және құқық факультетінде Г.А.Кушаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері З.Максимов және ҚР тұңғыш Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегерлері А.Маратова мен Б.Задагерееваның ұйымдастыруымен Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай “Жыр алыбы - Жамбыл” атты танымдық сайыс өтті. Сайыс 3 кезеңді құрады. 1-кезең “Ұяшықтар”, 2-кезең “Қызықдерек”, 3-кезең “Бәйге” деп аталды. Жарыс барысында Ж.Жабаевтың өмір жолы және шығармашылығы, қызық деректер, өлең жолдарын жалғастыру сияқты бөлімдер қамтылды.

Жыр алыбы – Жамбыл

Сайыс нәтижесі бойынша МО-11 тобының студенті Рахманшиева Аружан 1-орынды қанжығасына байласа, 2-орынды МО-11 тобының студенті Баймуратова Дильназ, 3-орынды ЮР-11 тобының студенті Ниятиллаева Гүлшат иеленді. Сайыс барысын ҚР тұңғыш Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегері Смағұл Мағжан бақылап, өз пікірін ортаға салып, жарыстың жоғары деңгейде өткендігін жеткізді.


Айзере МАРАТОВА,
МО-31 тобының студенті



Аңыз адам – Қасым Қайсенов

Жаратылыстану-география факультетінде мамыр айының 3-жұлдызында Қазақстанның халық қаһарманы әрі жазушы Қасым Қайсеновтің дүниеге келгеніне 103 жыл толуына орай онлайн конференция өткізілді.

Қасым Қайсенов (23 сәуір 1918, Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы) - Қазақстанның Халық қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған халқымыздың қайталанбас біртуар даңқты перзенті. Партизан — жазушы Қасым Қайсеновтың өмірі өзі жаудан қорғаған Украин халқымен тығыз байланысты. Украин халқы Қасымды өзіміздің жерлесіміз, қандасымыз деп құшағын жайып қарсы алады. Қ. Қайсеновтың қаламгерлік келбеті оның



аудармашылық өнерімен де толыға түседі. Ол М.Муратовтың «Ломоносовтың жастық шағы», Николай Томанның «Сабылтан сағым», Мамед Кулизаде Джабилдің «Почта жәшігі» кітаптарын құнарлы тілмен жеткізді.

Туған өлкенің ұлы есімдері

М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультеті ПИМНО/у13, ДОВ/у13 топтары студенттерінің ұйымдастыруымен «Туған өлкенің ұлы есімдері» атты тәрбиелік шара өтті. Мақсаты - ұлы тұлғаларымызды ұрпақ есінде қалдыру, олардың рухани мұраларын мәңгі есте сақтау.

Шара барысында ПИМНО/у13 тобының студенті Ақбаян Ақанқызы Батыс Қазақстан облысынан шыққан ұлы тұлғаларымыз жайлы баяндама оқыды. Ол кісілердің шығармалары, марапаттары, қазірге дейін жеткен дәрежелері жайында айтылды. ДОВ/у13 тобының студенті Тлепкалиева Альбина ақын, халық жазушысы Қадыр Мырза Әлі атамыздың «Ұлы Махаббат» өлеңін нақышына келтіріп оқыса, Жанболатова Айымгүл Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, айтыскер ақыны Қадырғиязова Шолпан апамыздың «Қыз тағдыры» өлеңін мәнерлеп оқып берді.

Кеш соңында ұйымдастырушылар сөз алып, қатысушыларға алғыстарын білдірді.

Қадір Мырза Әлі – данышпандық поэзияның көрнекті өкілі

21-мамыр күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Филология факультеті «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» жобасы аясында «Қадір Мырзаәлиевтің 86 жылдық мерекесіне орай ақын өмірі мен поэзиясы бойынша бейнеролик тамашалау» тақырыбында ашық баяндама-презентация өткізді.

Шараны Шетел тілдері кафедрасының оқытушы-магистрі Кабасова Канзия Айтбаевна және ИЯ-27 топ студенттері ұйымдастырды. Іс-шараның алғысөз кезегін деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есбергенова Гульнара Исамадиновнаға берді. Топ старостасы Мухамбеткалиева Амина ақынның өмірбаянын презентациялық таныстырумен бастады. Әр дәуір өз ақынын тудырады десек, Қадыр шығармалары оның өзі

өмір сүрген жылдардағы көркем тілмен жазылған шежіре десе болады. Қадыр Мырзаәлиевтің поэзиясы сан қырлы. Олар адал еңбек, пәк махаббат, биік адамгершілік, Отан, дәуір, халық, қазақ мінезі, елге, жерге сүйіспеншіліктен бастап, барлық жақсылық атаулыға сүйсініп, соғыс қаупінен бастап, туған табиғатқа деген немісқұрайлыққа дейінгі барлық әлеуметтік келеңсіздіктерге ашынады. Ақынның осындай ойлары өз халқына жауар жырлары арқылы жетіп отырды. «Қадір Мырза Әлі – данышпандық поэзияның көрнекті өкілі» тарихи деректерге толы видеосы ұсынылды. «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының студенттері Мырзағали Аружан мен Пидинулла Ақнұр жерлес ақынның поэзия жолдарынан үзінді арнады. Видеоролик



тамашалап болған соң студенттер ақынның хронологиялық шығармашылық жолымен, өнер туындыларымен танысты. Қатысушылар көрсетілген презентация бойынша сұрақтарға жауап беріп белсенділік танытты. Іс-шараның соңын топ студенті Мухамбеткалиева Амина ақынның тамаша өлең жолдарымен аяқтады.

К 90-летию ВУЗА



СТУДЕНЧЕСКИЕ ГОДЫ - самые лучшие в жизни!

До сих пор возникает чувство благодарности к нашим преподавателям. Никогда не забудем Семенову Л.Н., Русакову Н.Г., Евстратову Н.Г., Сурову К.Я., Костюкову В.М., Жигалина Н. С., Коротина Е.И., Брыкину Л.П., Фокина Н.И., Абояна А.Ф., Сторожева А.И., Донскову Е.А., Дьяченко М.С., Ломоносова И.М., Костюкову З.А., Салихова Е.З., Кока А.А., Шибяеву А.А.

После войны, некоторые преподаватели, которые были эвакуированы из блокадного Ленинграда, остались в Уральске. Поэтому образовались династии. Например, Евстратов Н.Г. и Евстратов А.Н.

Это были талантливые педагоги, у которых учиться было одно удовольствие!

Деканами нашего факультета были Тлеужанов М.М., затем Сериконов Ж.С.

Я помню студенческий КВН. Самые веселые, находчивые умники с разных факультетов боролись за призовые места. Затем Юрий Баев читал со сцены свои стихи. Он часто выступал с ними под гитару. В



первой команде КВН из нашей группы были Согуренко Л., Некрасов А., Таукина Р. Руководил командой А.Бучкин.

А уже позже ставили миниатюры по рассказам Зоценко.

Студенты каждый год ездили на сельхозработы, в стройотряды. Наша группа филфака ездила в Джаныбекский район - помогали в уборке урожая. Сами себе готовили и даже катались на верблюдах.

Нашу группу, как лучшую в институте, отправили в Ленинград, сейчас Санкт-Петербург. Незабываемая поездка с куратором Семеновой Л.Н.

В 2022 году у нашего выпуска два Юбилея! Нашей «Альма-Матер» - 90 лет и 45 лет, как мы закончили вуз! Знаменательный год!

А еще мне наш вуз дорог тем, что в 1940 году его окончила моя мама, заслуженная учительница Каз ССР Ирменова Галина Кожахметовна. Работая в школе, она провожала на фронт своих учеников прямо со школьной скамьи...

Поздравляю всех своих сокурсников с двойным Юбилеем!

Выпускница филфака 1977 г. Калыкова Д.Н.



Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Мәдениет және өнер факультетінің Студенттік деканатының ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» шоу бағдарламасы өткізілген болатын. Бұл шоу бағдарламаның мақсаты - алуан түрлі мамандықтағы студенттердің әншілік таланттарын ашу. Сайыс екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар патриоттық ән орындаса, екінші кезеңде еркін тақырыпта ән шырқады. Жеті жұп бақ сынаған сайыстың нәтижесінде «Ең жұмбақ жұп» Ерсұлтан-Айнара III орынды, «Ең талғампаз жұп» Нұрлыбек-Мадина II орынды, «Ең стильді жұп» Сәтжан-Жансая I орынды иеленді.

Екі жұлдыз



Алтынай ТӨРЕМҰРАТОВА,
«Кітапхана ісі» мамандығының 1-курс студенті

Құлақтан кіріп, бойды алар...

Студенттік өмірдегі ең бастысы – жақсы оқумен қатар белсенді өмірді қалыптастыра алу. Адам өміріне бір рет берілетін бұл кезеңді қызықты өткізу де маңызды. Сәуір айының 23-ші жұлдызында осындай белсенділікті қажет ететін «Студенттік көктем» атты кеште жаратылыстану-география факультеті соңғы болып өнер көрсеткен болатын. Жыл сайын өткізіліп отыратын студенттік сайыс бұл жолы да қызықты, талас-тартысқа толы болды.



Өсерлі кештің шымылдығы қазақтың қасиетті қара домбырасынан төгілген құдіретті күйімен ашылды. Қазақ халқында әншілік, бишілік, сазгерлік, ақындық қасиеті тоғысқан сегіз қырлы бір сырлы жандарды «өнерлі» демекші, келесі мезетте өз өнерлерін мың бұралған бишілеріміз «Жүздесу» биімен сахнаның сәнін келтірді. Кейін тәуелсіздік жолында еліміздің жүріп өткен қадамдарын өнерпаздарымыз көрініс ретінде сомдап шықты. Сондай-ақ келесі кезең көркемсөз айдарына беріліп, факультетіміздің 3-курс студенті Кариппулов Нұркен «Сен қазақтың» өлеңімен көпшіліктің алғысына бөленді. «Туған жер» әнін жоғары орындау шеберлігімен

тыңдарман қауымның сүйіспеншілігін тудырған дауыс иесі Әміртегі Ігілік шырқады. «Әлемді бимен құлпытқан» деп көңілденген «Глобус» тобының бишілері «Hip-hopFire» атты заманауи биді жоғары деңгейде билеп шықты. Осындай керемет көңіл-күйде жаратылыстану-география факультетінің өнер десе ішкен асын жерге қоятын, кез келген аспаптың құлағында ойнайтын Нариманова Ақтоты мен сыңғырлаған дауыс иесі ЕркеқалиеваЗульфия «Қазақ елі осындай» әнімен «Студенттік көктем» кешін қорытындылады.

Әйгерім ТЕМІРҒАЛИЕВА,
ХБ-13 тобының студенті

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

29 сәуір күні М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің студенттерімен «Жасыл ел» және студенттік құрылыс жасақтарына тіркеу жұмыстарымен таныстыру мақсатында онлайн кездесу өтті.

Бағдарлама мақсаты - орман көмкерген жер алқаптарын біртіндеп ұлғайту, ормандарды өрттерден күзетуді, зиянкестер мен аурулардан қорғауды жақсарту, ормандардың жас құрылымын, сапалық құрамы және санитарлық жай-күйін жақсарту, елді мекендердегі жасыл желектердің алқаптарын ұлғайту, олардың төңірегінде жасыл аймақтар құру. Кездесу барсында педагогика факультетінің тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары, магистр Тапаева Жанерке Таулбаевна студенттерге «Жасыл ел» бағдарламасының ережелерін, қалай тіркелу керек екендігін, медициналық анықтаманы қалай алу керектігін түсіндірді.

26 мамыр күні Филология факультеті бойынша «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы «Білімнің салтанат құруы» бағыты бойынша «Кітап - көзі жұмыққа арзан, Көзі ашыққа маржан» («Books open your mind, broaden your mind, and strengthen you as nothing else can») атты 100 жаңа оқулыққа арналған шет тіліндегі онлайн кітап таныстырылымы өткізілді. Іс-шара студенттердің тілдік барьерін арттыру мақсатында толықтай ағылшын тілінде өткізілді.

КІТАП - БІЛІМ БҰЛАҒЫ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Ұлттық аударма бюросының» тапсырысымен аударылған «Тіл-инстинкт» (The language instinct) кітабы таңдалып алынды. Студенттер кітаптың мазмұнымен таныстырып қана қоймай, автор туралы мәліметтерді, жеткен жетістіктерін де атап өтті. Кітап туралы айтылған қызықты әрі жаңаша мәліметтер студенттерді оқуға қызықтырып қана қоймай, аударма ісінің маңыздылығын да ерекшелей түсті.

Жуырда Мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканатының ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің I курс студенттері арасында «Өнерлі өрге жүзеді» атты шара өткізілген болатын. Мақсаты - студенттерді шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, белсенділігін қалыптастыру, іскерлігін дамыту. Шараға факультет ішіндегі мамандықтардың 1-курс студенттері қатысты.

Өнерлі өрге Жүзеді

Студенттер ою-өрнек тарихы мен қазіргі қолданыстағы ою-өрнек ерекшелігі жайлы ақпарат айтып, өздерінің қолөнерлерін қазылар алқасына көрсетті. Қазылар алқасы сәйкесінше әсем бұйымдарды өдемілігіне, сапасына қарай бағалап, арнайы дипломдармен марапаттады.

Алтынай ТӨРЕМҰРАТОВА,
«Кітапхана ісі» мамандығының 1-курс студенті

21-мамыр күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Филология факультеті «Ұлы Даланың ұлы есімдері» жобасы бойынша «Ұлы дала ұлысы» атты БҚО дағы тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына шолу туралы ашық баяндама-презентация өткізді.

Шараны ИЯ-21 тобының студенті Сайлаубаева Хадида БҚО дағы «Ұлы даланың ұлы есімдерін» таныстырумен бастады. Баяндама-презентацияның мақсаты мен міндеті: БҚО дағы тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын студенттерге таныстыру, үлгі ету. Жастардың тарих саласында білімдерін шыңдау. «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының студенттері Қалдыбаева Құралай, Карамудинова Әсемай, Асылбеков Мирас, Октяброва Айгерім, Бағлан Балнұр, Сахиева Алия Батыс Қазақстан облысынан шыққан С.Датұлы, М.Маметова, Х.Есенжанов, Ж.Молдағалиев сынды Қазақ зиялыларының өмірі мен шығармашылығын презентация арқылы көрсетіп, студенттерге тың мәліметтер берді. Шарада студенттер ұлы тұлғалардың шығармаларын талқыға салды. Сонымен қатар ұлы тұлғалардың өмірі туралы видеоролик тамашалады. Сөз соңында Шетел тілдері кафедрасының оқытушысы Есбергеннова Гулнар Исамадинқызы өткізілген шара туралы өз ойымен бөлісті. ИЯ 21 топ студенттеріне алғысын білдіріп, алдағы іс-шараларға сәттілік тіледі.

Ұлы дала ұлысы

Ұлы Даланың жетінші қыры - «Қазақстан алма мен қызғалдақтың Отаны» бағыты бойынша 2021 жылдың 5 мамыр күні ИЯ-35 топ студенттері және топ кураторы Туржанова Г.А «Қызғалдақтың Отаны - Қазақстан немесе Голландия?» атты онлайн пікір-талас өткізді.

ҚЫЗҒАЛДАҚТЫҢ ОТАНЫ - ҚАЗАҚСТАН НЕМЕСЕ ГОЛЛАНДИЯ?

Студенттердің ойы екі жаққа бөлініп, 1 ші топтың студенттері қызғалдақтың Отаны - Қазақстан десе, екінші бірі қызғалдақтың Отаны Голландия екеніне сенімді. Пікірталас өте тартысты өтті. Әр студент өз ойларын білдіргенде, белгілі бір факттарға сүйеніп, пікірін нақты жеткізге білді. Пікір-таласта топ кураторы қалыс қалған жоқ. Туржанова Г.А белсенді пікір білдіріп, тарихи деректер айтып өтті. Іс-шара барысында сонымен қатар, қызғалдақтың тарихы, түрі, сипаты жайлы деректер айтылды. Пікір-сайыс өте жоғары, белсенді деңгейде өтті.

ЕАЭС: достижения и перспективы

Евразийский экономический союз начал работу 1 января 2015 г. Он заменил собой Евразийское экономическое сообщество (ЕврАзЭС), которое действовало в 2000–2014 гг. Согласно договору от 29 мая 2015 г., целями ЕАЭС являются экономическое развитие стран-участниц, модернизация и повышение конкурентоспособности этих государств на мировом рынке. При подписании договора стороны обязались координировать экономическую политику и гарантировать свободное перемещение товаров, услуг, капиталов и рабочей силы, осуществлять согласованную политику в ключевых отраслях экономики (энергетика, промышленность, сельское хозяйство, транспорт).

Согласно мнению экспертов главный вывод на сегодня – Евразийский интеграционный проект можно констатировать, как состоявшийся.

Впервуюочередь, проект состоялся институционально. Работа органов ЕАЭС хорошо отлажена и органично встроена в системы государственной власти всех пяти стран. Все решения носят прямой характер и успешно исполняются.

На внутренних границах отменен таможенный контроль, действует единый таможенный тариф и единые меры защиты рынка. С момента запуска интеграционных процессов странам-участницам удалось существенно снизить средневзвешенную ставку единого таможенного тарифа ЕАЭС. За последние годы она снизилась с 9,3% до 4,79%. Действует единая система технического регулирования. На данный момент в ЕАЭС принято 48 технических регламентов, из них 43 уже вступили в силу, ими регулируются 85% продукции на рынке союза. Большим шагом вперед в плане регулирования движения товаров стал запуск с 1 января 2017 года нового таможенного кода ЕАЭС.

К осязательным успехам можно отнести создание общего рынка фармацевтики, который начал работать с 2017 года. Этот рынок весьма велик, а объем взаимной торговли фармацевтической продукции в ЕАЭС эквивалентен половине миллиарда долларов. Суть общего рынка заключается в том, что в союзе начинают действовать единые требования для лекарственных препаратов, правила их регистрации и экспертизы. Лекарства, зарегистрированные по союзным правилам, получают право свободного обращения на территории всего союза, что особенно важно с учетом объема рынка фармацевтики. Введены единые реестры. В частности, зарегистрированных лекарственных средств, уполномоченных лиц производителей лекарственных средств.

Существенный прогресс достигнут в части обеспечения свободы передвижения услуг. Это один из самых быстрорастущих секторов экономики. Сегодня уже 53 сектора услуг функционируют в формате единого рынка. Ставятся задачи по обеспечению до 2025 годы свободы движения капитала. В странах ЕАЭС при содействии ЕЭК проводится работа по гармонизации законодательства в финансовой сфере, по формированию общего биржевого пространства, определению направления интеграции национальных платежных систем.

Высокий уровень интеграционного взаимодействия в рамках ЕАЭС подразумевает координацию с политикой государств в ключевых сферах экономики. Так, в сфере промышленной политики наблюдается переход к практическим механизмам его реализации путем создания евразийских технологических платформ, инструментов инновационной инфраструктуры. В ЕАЭС утверждено 16 таких платформ. В таких сферах, как космос, медицина, добыча природных ресурсов, экология и другие. В сфере развития общего аграрного рынка

совместно с государствами-членами формируются общесоюзные среднесрочные прогнозы развития АПК, спроса и предложения по основным видам сельскохозяйственной продукции.

Союз успешно развивает торгово-экономические отношения с третьими странами и интеграционными объединениями. Эффективно работают механизмы торговых переговоров. Заключены меморандумы о сотрудничестве с такими интеграционными объединениями, как Ассоциация государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН), Южноамериканский общий рынок (МЕРКОСУР), Тихоокеанский альянс, Андское сообщество, Содружество Независимых Государств (СНГ). Создана зона свободной торговли ЕАЭС с Вьетнамом. 1 октября 2019 года подписаны первые соглашения из пакета всеобъемлющей торговой сделки между государствами ЕАЭС и Сингапуром, ЕАЭС и Сербией. Действует временное соглашение с Ираном, ведущее в перспективе к формированию зоны свободной торговли. Подписано торговое экономическое соглашение о сотрудничестве с Китаем. Комиссия взаимодействия с правительствами более десяти стран в формате меморандумов – Чили, Перу, Монголия, Греция, Камбоджа, Марокко, Иордания, развиваются двусторонние треки со странами ЕС.

В условиях пандемии правительства государств-членов ЕАЭС и Евразийская экономическая комиссия продолжают работать над новыми совместными мерами по предупреждению и предотвращению распространения коронавирусной инфекции, содействуя экономическому развитию в условиях пандемии. Так, в марте 2020 г. комиссией принято решение, которое предусматривает освобождение от ввозной таможенной пошлины товаров, импортируемых для предупреждения и предотвращения распространения коронавирусной инфекции на территории ЕАЭС. Решение распространяется, прежде всего, на средства индивидуальной защиты, дезинфицирующие средства, диагностические реагенты, отдельные виды медицинского оборудования и материалы. Также Совет ЕЭК утвердил перечень товаров критического импорта. В перечень вошли отдельные хозяйственные и продовольственные товары, а также отдельные готовые лекарственные средства. Угроза пандемии и повсеместные действия различного ограничения явились серьезным вызовом и еще раз показали, что совместными усилиями можно противостоять современным угрозам.

В конце 2018 года главы государств-участниц ЕАЭС приняли Декларацию о дальнейшем развитии интеграционных процессов в рамках Евразийского экономического союза. Ее положения открывают возможности взаимодействия в таких сферах, как атомная энергетика, возобновляемые источники энергии, экология, медицина, космос, туризм, спорт, межрегиональное и приграничное сотрудничество. Декларация предусматривает формирование общего биржевого товарного рынка ЕАЭС, расширение единого рынка услуг в большом количестве секторов. Для трудоустройства на пространстве ЕАЭС планируется запустить унифицированную систему поиска работы и рассмотреть вопрос создания евразийской электронной биржи труда.

В качестве одной из задач функционирования ЕАЭС является выпуск конкурентоспособной продукции, что требует внедрения новейших технологий. Эксперты обращают внимание на недостаточную консолидацию государств ЕАЭС, отсутствие общих интеграционных проектов, которые реализовывали бы страны Союза вместе. В этой связи странам необходимо объединять силы, обратить особое внимание на науку и технологии.

По мнению исследователей крупные инфраструктурные проекты должен осуществлять отдельный институт ЕАЭС. А для реализации интеграционных проектов Союзу нужен источник собственного дохода.

В стратегии предусмотрены также меры по расширению компетенций союза в области образования, здравоохранения, туризма, спорта. Помимо сферы, по которым сотрудничество было предусмотрено договором о ЕАЭС, в стратегии предусматривается развитие взаимодействия в рамках цифрового пространства, цифровых инфраструктур и экосистем. Союзу необходимы совместные цифровые проекты, единые правила и стандарты на все интеграционное объединение.

Будущее ЕАЭС – за общим гуманитарным пространством, ростом программ по развитию сотрудничества, проведению совместных исследований. Необходимо также развивать систему стратегического долгосрочного планирования в ЕАЭС, выстраивать единую стратегию для всех стран, проводить гармонизацию, обращать внимание на вопросы реализации Целей устойчивого развития, проблемы глобального потепления, развития низководородной экономики. Другими темами, которые необходимо развивать, должны стать вопросы атомной энергетики, возобновляемых источников энергии, создания транспортных коридоров, использования водных ресурсов, экологии.

ЕАЭС признан как субъект международного права, а по уровню глубины интеграции Евразийский экономический союз, несмотря на то что является молодым интеграционным объединением, занимает второе место после Европейского союза, действующего более 50 лет.

По словам академика НАН РК, главного научного сотрудника Института экономики МОН РК Аманжолы Кошанова, преимущества и выгоды Казахстана в составе ЕАЭС заключаются в более упрощенном варианте транзита и продажи наших основных товаров (нефти, сырья, зерна и пр.) основным потребителям – Европейскому Союзу, России, странам Востока. По условиям создания и ведения бизнеса Казахстан привлекателен для иностранных и союзных инвесторов. Целый ряд российских и белорусских предприятий открыли свои филиалы в Казахстане. Российские бизнесмены заинтересованы в Казахстане как в потребителе промышленных товаров (машин, оборудования) и как в крупном поставщике сырья. В макроэкономическом плане от ЕАЭС в выигрыше крупные промышленные предприятия в нефтегазовой, горнодобывающей, металлургической, химической и др. стратегических отраслях страны, формирующих основу нашего бюджетного благополучия.

Таким образом, ЕАЭС является динамично развивающимся интеграционным проектом. Данное объединение является привлекательным для многих государств на евразийском пространстве. Увеличение числа участников ЕАЭС повышает его авторитет на международной арене, а особые формы сотрудничества могут сделать его конкурентоспособным интеграционным образованием. В эти пять лет основное достижение – это формирование новой культуры взаимодействия. Создан уникальный механизм реализации национального суверенитета в рамках Евразийского экономического союза.

Г.Н. ЕСЕЕВА,
старший преподаватель кафедры всемирной истории и социально-политических дисциплин
А.Ш. ЖУРАСОВА,
к.и.н., доцент кафедры всемирной истории и социально-политических дисциплин

Жастар тынысы

Махамбет университетінің студенттері республикалық білім бәйгесінде бас жүлдені иеленді. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, ақын-жазушы, этнограф, қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектептің қалыптасуында терең із қалдырған Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай еліміздегі жоғары оқу орындарының өзге тілді студенттері арасында «Менің Отанымның мемлекеттік тілі» атты қазақ тілінен республикалық пәндік олимпиада өтті.

БІЛІМ БӘЙГЕСІНДЕ БАС ЖҮЛДЕ

Республикалық олимпиада нәтижесі бойынша М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қазақ филологиясы бөлімінің 1-курс студенті Колесникова Ксения (Жетекшісі: Акбулатов Айдарбек Ахметұлы – орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор) бас жүлдені иеленсе, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қазақ филологиясы бөлімінің 1-курс студенті Корчемкина Анна (Жетекшісі: Сагидуллиева Сандугаш Саматқызы, қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, магистр) жүлделі ІІІ орынды иеленді. Жеңімпаз студенттерімізді және жетекшілерін республикалық білім бәйгесінде қол жеткізген жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз.

Жеңістің 76 жылдығына орай 2021 жылдың 6 мамыр күні ИЯ-35 тобының студенттері мен топ кураторы Туржанова Г.А “Желбіре, Жеңіс алауы” атты іс-шара ұйымдастырды.

Желбіре, Жеңіс алауы!

Бүкіл әлемге қауіп-қатер төндірген сұрапыл соғыс отының өшкеніне 76 жыл уақыт өтсе де, жерін жауға тапталпаған жеңімпаз ата-әжелеріміз бен аға-апаларымыздың қаһармандық ерліктері ешқашан ұмытылмайды. Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне деген сүйіспеншілік пен құрмет бүгінгі және келер ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталатынын хақ! Іс-шара барысында түрлі бейне-рөліктер көрсетіліп, майданда да болған ардагерлеріміз жайында ақпараттар айтылды. Осындай тыныш та бейбіт күнді сыйлаған ардагерлеріміздің алдында басымызды иіп, ұрыс алдында және еңбек майданында Жеңіске теңдесі жоқ үлкен үлес қосқан барша азамат пен азаматшаларды зор құрметпен еске аламыз!

Филология факультеті, ИЯ-35 тобы

Тәтті түстерім мен балаң ойларыма куә болған мақпал түндер. Әжем мен анамның құшағында, мейірім мен парасат лебі қатар ескен аспанның астында өткен қайран балалық. Келмеске кеткен жылдардың тұңғығына батқан бал күндерім. Көңілімнен кетпек емес. Есейген шағым. Қаталдық пен әділетсіздіктен жаным түршіккен кез. Жете ұғынып, ақылмен алқымдаған жүрек таңдауым. Бала көңілін көндіре алмаған әке пікірі. Ел мұңы. Халық қамы. Өлең!.. Поэзия!.. Өзге әлем, бөлек дүние. Алғаш сұлуға сұқтанған сәтім. Өміріме махаббат ұғымын әкелген ару. Көркем көрік, балғын бейне... Бүгін бәрі ой елегінен өтуде. Шабыттанған шақтар... Тың бастамаға бойымды бұрған соны ойлар. Көкірегімді қиялға көмген асқақ арман. Өткеннің еншісінде қалғандай бәрі. Ал қазір... қапалымын. Тағдыр төлкегіне салған сайын жан да қадыр-қайратынан айырыла бастайды-ау... «Елім» деп әуре-сарсаңға салынып жүргеніммен қоса, қасымнан өзіме қымбат жандардың алшақтауы жүректі ауыртты. Бұл күнде көкірегім толған шер...

Осындай ауыр ойлармен отырған ақын қолына қаламы мен сия сауытын алып, жазу үстеліне келді. Бетінде талай қайғының табы тұрған парақтар арасынан кіршіксіз таза бетті алып, алдына қойды. Өлдене жазғысы келді. Ойланды... Кітаптарының жанында ұзақ күрсінді. Жазуға бет бұрды. Шерін, зарын...

Тосын дауыстан денесі селт етті. Киіз үйдің ашық тұрған сықырлауығынан әріге көз тастап еді, қарбаласқан қалың қауымды көрді. Сірә, жақында орын алатын жиынға жинақталып жатса керек. Қолына не іліксе де көтере кетіп, бар шаруаны атқарып жүрген баяғы кедей-кепшік... Жасалған жұмысқа төбеден төне қарап, бәрін бір ізге салып тұрған бай бәйбішесі. Кедейдің ала көзімен ата қараудан басқа шарасы жоқ.

Шабыт үстіндегі ойды сай-салаға ыдыратып жіберген көпшіліктің даурыққан дауысы екен. Көңілі жайланды. Бұл ақынның ғұмыр бойы көрген көрінісі. Сезіміне селкеу түсірген жағымсыз жағдай. Осы жайт адырлықырлы өңірдің, бойға серпіліс сыйлайтын сұлу табиғаттың көркін бұзғандай...

Ақын өзінен өңгені ұмытып, қағазға қайта үңілді. Сөйлесе, аузына Алла ілігіп, жазса, қолы қолына жұқпай қаламды зыр жүгіртетін пенде бұл жолы ақ парақты көк сияға толтыра алмады. Қаламын қоя салып, маңдайына жазылған, соңғы кездері басына қара бұлттай үйірілген қайғы жайлы ойлады. Бала кезіндегідей жұмырланған жота мен қияға, қыраттарға жол тартып, арқасын кеңге салып, ауағысы-ақ келді. Өміріндегі өткінші елеске айналған күндер есіне түскен. «Бір қайғыны ойласаң, жүз қайғыны қозғайды» деп жанарын ойға малған. Солғын тартқан реңі шаңырақ әрісіндегі көшкен бұлтқа қадала қалыпты.

...Атыраптың басына қайғы үйіріліп, Кеңқоныс күңіренген. Бар қасірет бір әулеттің басына орнай қалғандай кезегімен соққан ауыр мұң. Жылап-сықтаған қыз-келіншектер. Уайым есеңгіреткен ер азаматтар. Бұның бәріне шалқар шабыт өзінен бастау алған Шыңғыстау шыңдары куә. Басын бұлт қаптаған. Өмірін ақиқатты аңсап, «қазағым» деумен өткізген Ұлы кеуде Абай дүниеден өтіпті...

Ол жеті жаста еді... Әжесіне ілесе кіріп, кемел ақыл иесі, асыл ағасымен қоштасып шықты. Ес біліп қалған баланың жанарына түйдек-түйдек жас ірікпелі. Қатарласа кіріп жатқан қоштасушыларға тіксіне қараған. Анталаған адамдардың азалы дауыстарынан шошынып қалған. Бұл Абайдың алдын көрген ұл. Бойында қимастық бар. Абай жатқан жақтан көзін тайдырмай тұруға дәті бармай, қалың нөпірге араласып кетті. Бұйраттарға сырын ағытқан Абай кетіп бара жатқандай меңіреу даладан көзін алмай өкси берді... өкси берді...

Уақыт сырғыды...

- «Балам», - деді Әуез. - «Адам бойындағы аталған екі қасиет Ақыл, Қайратты

жүрекке бағындыру керек» деген Абай атаң. «Жарықтық, біліп айтса керек. Бұны өсиет деп қабылда. Өміріңнің серігі қыл». Ол үнсіз. Осыған дейін де атасының аузынан Абайдың талай өлеңін жаттап алған. Немен айналысса да, қайда жүрсе де ойында - Абай. Сондай кездерде бойын бұрын соңды болмаған сезім билейді. Қиялы қарыштап, ойы аспандағандай болады. Алғаш арумен жанын жақын қылған да Абайдың «Желсіз түнде жарық айы». Алтыбақан... Өсем ән... Ол үшін Абай - үлкен мектеп. Сол мектепке енген сайын, өзін есігінен әрі ассаң, мол кеңістікке кезіктіретін «Қоңыр әулие» үңгіріне кіргендей сезінеді. Қадамды баса түссе, құпияға көкірегі қанатындай. Бойласаң, ене бересің. Түпсіз...

Абай арқылы құлашын кеңге жайды. Көкітайдың машақатын көтере жүріп, талай шығынға батып, көп зардап көріп бастыртқан ағасының кітабын аударыстырады да отырады. Қай жиынға барса да, Абайды айтпай қалған жері жоқ. Өлеңдерін нақышына келтіріп, қоңыр дауысын толқымалы сазға салып, оқып та береді. Жанына жақын, өмірде арқасүйер жандары дүние салып, қос бауырын құшағына қысып, көз жасын

Бастысы өзім сенімдімін ғой деп өз-өзіне басу айтты. Ол пьеса жалпақ жұртқа ұнап, алғаш сахналанғанда да өзін Абай қолдағанын іштей сезінген. Өртүрлі жерде өртүрлі адаммен пікірлес болып, бәрін жете түсінген. Қай қияға жол тартса да, Абай екі елі ажырамаған. Сөзі, өсиеті барар жеріне бағыт-бағдар беріп тұрғандай. Көп ойына алып, күндіз-түні өлеңін қайталағаннан ба, кейде далада жалғыз серуендегенде Абай бейнесі көзіне елестейтін. Қолында кітабы бар, желбегей жамылған киімі желмен желпілдегендей болады. Абайдың он жылдығына орай өткізілген кештегі баяндамаға да, ел арасында өлеңмен сөз таластырып, айтысқа түскен ақындардың Абайды айтқандарына да көңілі толмайтын. «Абайды бұлай айтпайды» деп назын білдіретін.

Өздігінен ізденгеніне біраз уақыт өткен. Атасынан, ел адамдарынан естіген естеліктерді жадында сақтайтын. Қабаттаса үйілген ойлар тасып, төгіліп жататын. Бір-бірімен қармасқан сол ойлар жазу үстеліне келгенде сөйіліп кетіп, соқа басы сопайып, жалғыз өзі ғана қалатын. Алайда еңсесін түсірмеді. «Абай туралы жазылу керек. Жазамын», - деп шешті. «Мыңмен жалғыз, соқтықпалы

Үндестiк

(эссе)



сығып отырғанда жүрегіне жігер берген Абайдың «Қайғы көрсен қарсы тұр, құлай берме» деген сөзі еді. Осыны Абай өзі кеп айтып кеткендей күйге бөленген Мұхтар есін лезде жиып алған-ды.

«Халықтың бақытты болуы - ғылым мен өнерге байланысты». Күні-түні қайталайды. Қайда жүрсе де, ғылым мен өнерге кезігуді қалайды. «Ойында жоқ бірінің, Салтыков пен Толстой...» Толғанды... Уақытын кітап оқуға арнады. Өзге ел ақындарын Абай аудармалары арқылы танып қана қоймай, өз ізденісімен тұғыры биік талай тұлғамен танысты. Ел арасында шындықты айта алмай шарқ ұрып, аузына құм құйылғандардың маңдайдағы сорын көргенде, ақынның «Кеселді боп бітеді, Жақсыға біткен жақындар» дегені ойына келетін. Абай ағам осы жайтты көріп, біліп, айтып тұрған жоқ па екен деп алақ-жұлақ жан-жағына қарайтын. Ақынның мұңын ұқты. Ол да қазақ елін қараңғылықтан жарыққа суырып алғысы келді. Елінің жылдар жылжыса да жартас сынды мізбақпай жатқанын көзі көргенмен, үміт үзген жоқ. Себебі «Үмітүзбек-қайратсыздық» дейтін.

Ұстаз тапсырмасы бойынша дайындаған ең алғашқы «Дауыл» шығармасымен де ертеңінен үміт күттірген-ді. Уақыт өте келе «Еңлік-Кебек» пьесасы жазылған қолжазбасын Мекайілге апарып беріп, қандай баға берер екен деп көңілі жайсызданғанда, «Лас атаулыны су тазартса, сол суды көңіл тазартады» деді... Көңілден артық төреші жоқ.

соқпақсыз жерде» алысқан ақынның даңғыл жолын таңдады. Арман мен қиял жетегіне ерді. Таң қылаңдатқан шақта далаға шығып кететін. Ондағы ойы - Абаймен сырласа түсу. Сылдыр-сылдыр су ағып, сыңғыр-сыңғыр дыбыс келетін құлағына. Судың кіршіксіз тазалығы бойындағы мөлдір мұңды қозғайтын. Бұл Абайдың кіндік қаны тамған Қасқабұлақ еді. Тастан тасқа соғылған бұлақ суы Мұхтардың пікірін жуып өтетін. Орам ойлары қалқи жүзіп, келмеске кетіп бара жатқандай болатын. Бұлақ басындағы арпалыстан алыстап, жырақтағы дөң басына ұзақ көз тастап отыратын. Бұл кезде өздігінен кесіп-кеткен Абай жайлы жазатынын бастап та кеткен. Осылай серуендеу арқылы жазу үстеліне соны ойлар әкеліп, тоқтамастан жазып жататын. Өлке табиғаты ерекше әсер қалдыратын.

«Еңлік-Кебек» пьесасын жазарда да оқиға желісі өрілген жерлерге ұзақ қарапөткен. Алагеуімде түнгі жұмысын аяқтай сала, атына мініп, жүріп кеткен-ді. Ақынның мәңгілікке жамбасы тиген жері Жидебайға барып, бейіт басында ұзақ отырып, үлкен жүректің кішкене төбешік боп жатқанына сене алмаған. Бұның бұл жүрісі күзетші қарияның үрейін тудырған. Күзетшінің: «Ескерткіш тұрғызу керек!» дегеніне «Ескерткіш тұрғызылады», - деп жауап қатып, өз жөніне кете беріпті...

Өзінің жатқа білетін жырларымен қоса, басқа да өлеңдерді жинақтау жолында маңдайын терге малған-ды. Себебікей өлеңнің ел арасында айтылып

жүрген нұсқасы мен қолжазбадағы нұсқасында өзгеріс болатын. Абай өлеңдерін көшіріп алған Мүрсейітке іштей разы боп отыратын. Көзіне ақын ұлынан айырылған Шыңғыстау құлазып тұрғандай көрінетін. Ақ шарбы бұлттар ғана маңдайындағы сорын бүркегендей ме, қалай?.. Жаймен аққан Ертіс те тұнығына талай мұңды тығындап қойғандай әсер беретін. Шың-құздардың, жазық, шоқылардың әрқайсысында бір сыр бардай... Ақшоқыны аралағанда Абай өлеңдері көкейінде сайрай жөнелетін. Өрелі өсиет, өлмес өлеңдердің талайы осы жерде туған екен. «Татьяна сөзі» де осында аударылған. Мұхтар атыраптың осынша киелілігіне таңдана қарап, үнсіз қалатын.

Бұл кезде Абай жайлы аз жазбаған. Солай болғанмен де, көңілі көншімейді. Көкейіндегі ой әлі дамыл таппағандай. Абай аулын аралайтын. Кеңқоныс... Бұл ақынның ыстық демі суынып, бірмен қош айтысқан жері. Талай жүрекке мұң боп орнаған өңір. «Ой, бауырымдаған» жандардың өксігіне куә болған өлке. Мұхтардың бала кезі есіне түскен. Жеті жаста. Әже жетегінде. Жылап еңіреген дауыстар естілгендей болғанмен, тез басылып, көз алдына көне естеліктер келді. Абай өмірінің соңғы күндері, соңғы сағаттары өткен жер... Бала кезі. Бір байланыс бардай...

Кеңқоныстан әкелген әсерімен жазу үстеліне ұзақ отырды. Күнге күн жалғасып, түнмен түн ауысты. Дамылыз жазу. Ойында Абай! Қолында қалам! Жүректе Ақыл мен Қайрат! Әуелде атасы айтқан Абай өсиеті... Өміріне серік қылыпты. Жазғандарына қараған сайын бойын күрсінсіз билейді. Сыртқа көз салса, өңірдің тамаша табиғаты... Мұхтар сан күнді тынымсыз өткеріп, күздің суығына мұңын жалғап, жаз түндерінде Жидебай аспанындағы шоқтанған жұлдыздарды кезіп, көктемгі күнін Тоғжан мен Абай кездескен Түйеөркеште өткізіп, қар жауып, қаһар төгіп, ақтүтек боран борап тұрған қыстың қытымыр күнінде, аңызға аязды ақпан айында, ар мен намыстың биік тұлғасы саналған, кемеңгер ойшыл, ақыл мен терең ой мекендеген мектеп бола білген, қайда жүрсе де қасынан табылған, «Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп өмірдегі шындықты айтып кеткен ақын Абай жайлы жазуының соңғы нүктесін қойды.

Абайдың балалығынан бастау алып, өсіп, жетіліп, ел мұңын, шерін айтқан кезін қамтып, өмірінің ақырғы сәтімен бір-ақ тұйықталды. Әуелде Жидебай жазығында Абай бейітінің күзетшісіне айтқан ескерткішін мәрмәр, я балбал тастардан емес, кіл маржанын тізіп, көркем сөзбен тұрғызды. Иә... Жаңбыр жыл бойы жауса да, құлауды білмейтін мәңгілік мұра жасады. Жазушы ойға алған туындысын аяқтағанына сенбей, соңғы қойған нүктесіне қарап, ауыр күрсінген...

...Үстелімде «Абай жолы» романының төрт томдығы мен Абайдың әр жылдары шыққан өлең кітаптары. Төрт томдықты аударыстырып шықтым. Тек зор дарын мен өнеге ғып айта жүрер өмірге куә болғам жоқ, қазақ елін, жерін көрдім. Даналыққа ғана көзім жетіп тоқтай қалғам жоқ, қазақ деген елдің салт-дәстүрін, басынан кешкен базынасы мен назын көрдім. Үндестікті сезіндім. Ол - қазақ халқың қараңғылықтан жарыққа өрлету жолындағы рухани үндестік. Абай қараңғы түнек арасында тұрып, жарықтағы жарқылға ұмтылып жазған өлеңдері мен қара сөздері арқылы халықты надандықтан құтқарсам деді. Ал Мұхтар хакім Абайды ұлықтау арқылы елін шыңға өрлеткісі келді. Абайды өмірдегі серігі етіп, бізге талай туынды сыйлады. Арманмен алысқа самғағандар... Себебі «Арманы үлкен адамның өзі де үлкен». Проза мен поэзиядағы, өнер мен білімдегі, руханият пен мәдениеттегі қос алып. Асқар тау. Қойнауы тұнған қазына. Шыңдарында үш асыл: Ақыл, Қайрат, Жүрек.

Шыңына телміріп өтермін. Кеудемде - арман, көңілімде - алаң. Аппақ үмітімді өлмес өсиетпен көмкерейін, арман-жүрекке құшағыңды ашшы, Ұлы ақын, Ұлы жазушы...

Марлен ҒИЛЫМХАН,
Филология факультетінің түлегі



Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А.Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)



№13 (38), мамыр, 2021 жыл

Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл

Тәуелсіздік – киелі ұғым. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында: «Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты құдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел... Ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл

Бұл ретте тұрақтылық саяси мәселелерді шешудің күшке негізделмеген тәсілдеріне көбірек сүйенгенде ғана сақталмақ. Бұған қоса айтсақ, «популизм» «этнопопулизм» деген ұғымдар бар. «Популизм» латын тілінен аударғанда «populus» деген сөз, халықтың құқығы мен мүддесі үшін күрес дегенді білдіреді. Популизм – жекелеген адамдар тобының, кейбір басшылардың адамдардың

материалының сапасын жақсартуға күш салу. Бүгінгі әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңінде қадам басуда екенін ескерсек, ойланбасқа болмайды. Олай болса, ұлт әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуға тиіспіз. Рухани жаңғырудың мән-маңызы нақ осында. Бүгінгі таңда өз тарихын, тілін, мәдениетін білетін, заманына лайық шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық – қазіргі қоғамымыздың идеалы. Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт ретінде «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Күллі әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы тиіс.

Асылы, жақсылықты жадында сақтай білген елдің рухы қашанда биік. «Өткенге қарап, ертеңді түзеу» өсиетін ұстансақ, өткеннің өнегесі баға жетпес байлық екенін танимыз. Осыны жадында тұтып, тарихтан тағылым ала білген халқымыз тәуелсіздік дәуірінде татулық пен бірліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың арқасында талай келелі толағай табыстарға кенелуде. Берекелі бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай алсақ, мерекелі тірлігімізге төнетін қауіп жоқ. Ең дұрысы, елдік тұтастыққа жік түсіретін, ағайын арасын суытатын қадамдардан аулақ болу жөн. Ал рухы биік

Тәуелсіздік тірегі — ел бірлігі

(Ынтымақ – бұзылмайтын қорған, бірлесе еккен ағаш- орман)

қоғамның және әрбір азаматтың міндеті», - деді. Бұл тәуелсіз елімізге ауадай қажет ой. Себебі бірлік – ұлтты сақтаудың бір кепілі. Демек, ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғанға не жетсін! «Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алады». Кеңесшіл ел азбасы, кеңесіп пішкен тон келте болмасы белгілі. «Төртеу түгел болса – алар, алтау ала болса алдырар». Қысқасы, ынтымақ – бұзылмайтын қорған, бірлесе еккен ағаш – орман. Айналып келгенде, береке басы бірлікте. Одан әрі тереңдете үңілсек, түркі бабаларымыз бірліктің маңыздылығын кейінгі ұрпаққа айтуды парыз санағандықтан, осы тұрғыдағы ғибратты сөз түйіндерін тасқа қашап жазып қалдырған. Дала заңдары тек достық пен бауырластыққа негізделгенін аңғартқан. Анақарыс (Анахарис) сынды арысымыз бақытты шаңырақты жалтылдаған сәнді сарай емес, жан жарыңның, жақын-жораларың мен сүйкімді балаларыңның сыңғырлаған күлкісі, ырысы мен ынтымағы тұрғысында түсініп, үйді балташылар мен тас қалаушылардың еңбегінің ғана емес, үй ішінде тұрып жатқан адамдардың өзара қарым-қатынасының жемісі деңгейінде пайымдаған. Тоқсарыс (Токсарид) данышпан достық туралы көп сөзден достық пейілді бір іс артықтығын болжайды. Тоныкөк (Тоң-ұқық) баһадүр түнде ұйқы көрмедім, күндіз күлкі көрмедім, қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді, күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып, бәрі де ел үшін деп еңселі ой тастайды. Білге (Мерген) қаған ел болып бірігуден асқан бақыт жоқтығын баса айтады. Күлтегін сынды арлы азамат бек ұлдарың құл болмасын десең, пәк қыздарың күң болмасын десең, бірлік керектігін, тату елге тыныштық пен тоқшылық қашанда нәсіп боларын айтып кеткен.

Тәуелсіз мемлекетіміздің негізін қалаушы, оның бірлігін қамтамасыз етуші, ел Ата Заңын, адам мен азаматтың құқы мен бостандығын қорғаушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ақыл-парасат кітабына» ел бірлігі хақындағы 60 ой-толғам енгізілген. Бір ғажабы, олардың әрқайсысы – асыл афоризм, кесек алтын ойдың үзігі дерлік дүниелер. Елбасы ой-толғамдарына бойлай айтсақ, бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық іс тек жарасқанға бұйырмақ. Бақсақ, біздің бабаларымыз тірі болуы үшін бір болған, еңдеше біз ірі болу үшін бір болуымыз керек. Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана алға баса аламыз. Елбасы Н.Назарбаев: «Егер де халықтың бірлігі болмаса, отансүйгіштік жанқиярлығы болмаса, бұл жер де, қазақ халқы да, Қазақстан да тәуелсіз ел болмас еді», - деп орынды ой қозғайды. Турасын айтсақ, ауызбіршілік жоқ жерде ешқашан ұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Бұл орайда да Елбасы: «Қазақты ешуақытта сырттан жау алған емес, ала алған да емес, қазақ әлсіресе, алауыздықтан әлсіреген, күшейсе, бірліктен күшейген». Бабаларымыз өзгелердің төріне шығу үшін өзі де меймандарына қақ төрден орын беріп, құрмет көрсеткен», - деп ой қорытады. Олай болса, еңсесі биік елдікке есі кеткен ғана топырақ шашады. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

Анық білеріміз – егер қандай да бір ел тұрақтылықтан айырылса, онда күллі жаһандық тыныштыққа қауіп төнгені.



көңіл-күйлерін қалыптасқан жағдайларға байланысты өз мүддесіне пайдалануы. Заманауи саяси лексикондағы «популизм» түсінігі көп жағдайда саяси күрестердегі тактикалық әдістердің құралдарын анықтауда, көпшіліктің қоғамдық санасының апелляциясына байланысты жиі қолданылады, максимализм және саяси шешімдерді бірыңғай бейімдеп қабылдауда да қоғамдық өмірде көрініс береді. Ал «этнопопулизм» ұғымы ұлттық ділге (менталитетке) бағыттала таразыланады. Бұл реттегі Елбасы түйіндері де ойлантай қоймайды. Мәселен, Елбасы: «ХХІ ғасырда елдерді ұлы және қосалқы, бастаушы және еруші елдер деп бөлу өркениеттілік тұрғысында мүлде ескірген. Үстемдікке үмтылу инерциясы прогреске апармайды. Ол планетамыздың жекелеген елдері мен аймақтарын жаһандық дамудан шетқалпай қалдыру қаупін туғызады. Бұл – баршамыз үшін де тығырық», - деп жазады. Бүгінде популистер саяси ұпай жинау үшін ештеңеден тайынбайды. Ең бір қасиетті ұғымдарды да саудаға салады. Олар адамдардың үлкен уәделерге, даңғазға ұрандарға оңай иланатындықтарын да жақсы біледі. Қоғамның небір күрделі мәселелерін оп-оңай шешіп тастауға уәде береді. Ал ондай жол көбіне-көп біреу-ақ: өз халқыңды жұрттың бәрінен де артық халық деп ұғындырып, оны басқаларға қарсы айдап салу. Ал этнопопулизм – демократиялық қоғамның денесіне шыққан безеу емес, дерт. Онымен ұдайы күреспей болмайды. Ол жағдайға байланысты тез өзгеріп тұрады. Қоғамды одан әрі жетілдіргенімізде де қыр соңымыздан қалмайды. Мұндай кесепатпен әкімгершілік жолмен де, идеологиялық жолмен де күресіп, көп ештеңе бітіре алмайсың. Онымен күрестің жалғыз жолы – адам

тұлғаның рухани құндылықтарға терең бойлай білген, тұла бойына ауадай сіңдіре білген, құнарлы нәр іспетті ұялата білген тұлғаның осы үдеден табылары анық.

Қысқасы, аталған мәселелердің қай-қайсысы да – елдің елдігін, ертеңін ойлай айтылған мәселелер. Президент айтқандай, бұлардың бәрін де қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін де жалғастыра береміз... Қандай жағдайда да елімізде, ең алдымен, адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүгенсіздік жақсылыққа апармайтыны анық. Бүгінгі ХХІ ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Қазіргі кезеңде де «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» (Абай). Ел Президентінің мақала соңында: «Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Осы жолда «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс», - деген түйіні әбден қолдарлық, үлкеніміздің де, кішіміздің де әр кез ескерер басты кредомыз болуы тиіс.

Абам ҚЫДЫРШАЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі

Құттықтаймыз!

Құрметті Рафхат Елжаевлы!

Сізді 50 жасқа толу мерейтойыңызбен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ұжымы шын жүректен құттықтайды.

Білімнің қара шаңырағы Сізді өзінен түлеп ұшқан талантты шәкірт, 20 жылдан астам қызмет еткен қадірлі әріптес ретінде мақтан тұтады. Сізді тек Жайық жұртшылығы ғана емес, түгел қазақ зиялы қауымы кәсіпқой фотосуретші, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі ретінде таниды.

Өзіңіз айтпақшы сіздің қаруыңыз - фотоаппарат. Көз бен құлағыңызға айналған объективіңіздің назарынан тылсым табиғат, қасқағым сәттер, тіпті ел басқарып, тізгінді қолға ұстаған шенеуніктер де, қазақтың маңдай алды ақын - жазушылары да тыс қалған емес.

Егеменді еліміздің төбесімен көк тіреген зәулім үйлері мен таңғажайып ғимараттарының күн санап бой көтеруін, әйгілі Ақжайық өлкесінің сұлу жерлерін, тамаша табиғатын, жасыл-желегін, сылдырай аққан суын, көк тоғайлы нуын түсірген жұмыстарыңыз да жетерлік.

Сіздің фотосуреттеріңіздің біразы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа, ұлттық мәдениетіміз бен мемлекеттік тіліміздің дамуына үлкен үлесін қосқан Қазақстан Республикасының халық жазушысы, ақын Қадыр Мырза Әліге, қоғам-саясаткерлері және мәдениет қайраткерлері - Талғат Мұсабаевқа, Иманғали Тасмағамбетовке, Асанәлі Әшімовке, Роза Бағлановаға, Роза Рымбаеваға, Ескендір Хасанғалиевке және т.б. арналған. Түрлі экспедицияларға шығып, сирек кездесетін құлпытастар - тарихи ескерткіштерді фотосуретке түсіріп, ел игілігіне бұйырсам деген ізгі ойды мақсат етіп, орындай да білдіңіз.

Сіздің әріптестеріңіз, университет ұжымы, шәкірттер, облыс жұртшылығы медиа саласында еңбегі сіңген фотосуретші, тілші ретінде сіңірген еңбегіңізді жоғары бағалайды.

Сіз әрқашанда үлкенге қадірлі іні, кішіге үлгі тұтар аға, көргені мен түйгені мол, бергені мен берері көп ұлағатты әрі терең ойлы тұлғасыз.

Мерейтойыңыз құтты, денсаулығыңыз мықты болсын!



22-26 сәуір күні Семей қаласында өткен самбо күресінен 2001-2002 жылы туған ұлдар арасындағы ҚР чемпионатында 98 келі салмақ дәрежесінде жүлделі 3-орынды иеленген Педагогика факультеті ФКС-21 тобының студенті **Хамзин Замирды** жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз!



Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде «6В012 – мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарының студенттері арасында өткен XIII республикалық пәндік олимпиадаға қатысып, жоғары деңгейде шығармашылық қабілет танытқаны үшін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Эрудит» командасын жүлделі III орын алып, «Олимпиада үздік жаңалығы» номинациясымен марапатталуымен және жетекшісі Балмира Ерболатты білім бәйгесінде қол жеткізген жетістіктері үшін шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілейміз.

Научная библиотека поздравляет!!!
Евгений Пивень
специалист президентского полка «Батыр» сил особого назначения службы государственной охраны благодаря своей бдительности предотвратил взрыв на складе боеприпасов военной части,
удостоен ордена «Айбын 3 степени», выпускник Западно-Казахстанского университета им. М. Утемисова, наш коллега. Поздравляем!!!



Еңбегімен құрметке бөленген ардақты ұстазымыз, кітапхана ісінің шебері **Гүлжан Закировна Таушеваны 70 жасқа** толуымен құттықтаймыз! Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, мейірім мен қамқорлыққа толсын! Әр сәт сізге тек бақыт пен қуаныш сыйласын! Сізге мықты денсаулық тілеп, мерейіңіз әрқашан үстем болсын демекпіз.



Ғылыми кітапхана ұжымы

Үздік жас ақын - 2021

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың филология факультетінің 1-курс студенті Төлегенова Данара Наурызбайқызы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Үздік жас ақын - 2021» атты республикалық байқауында жеңімпаз атанды. Сонымен қатар, Жас ақынға, шығармашылығы мен дарындылығы және қызығушылығы үшін «Үздік жас ақын» төсбелгісі табысталды. Байқау туралы хабарлаған да, жетекшілік еткен де филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Есбергенова Гульнар Исамадиновна болды.

«Үздік жас ақын-2021» атты республикалық байқау «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында өткізілді.

Байқау екі кезеңнен тұрды, бірінші кезең бойынша, жас ақындар берілген тақырыптардың бірін таңдап жетекшісімен бірге екі беттен аспайтын өлең шығарып, елдегі ахуалға байланысты онлайн поштамен жіберді. Бірінші кезең бойынша талапқа сай өлең жазған жас ақындар — екінші кезеңге өтті.

Біздің дарынды Данара екі кезеңнен де сүрінбей өтіп, бәйгенің бас жүлдесін жеңіп алды. Бағы мен бабы қатар шапқаны байқауға арнап жазған өлеңінің әр жолынан анық байқалады. Алғашқы мүшелінде ұйқасты өлең жазуды қолға алған ақын арудың болашаққа жоспары өте көп. Алдымен сөз құдіретін ұғынар

- тілші болсам дейді. Қаруы - өлеңі. Үнемі өзімен бірге, үнемі сайлаулы. Жас дарынға шалқыған шабыт пен білім айдынында бәсекеге қабілетті шәкірт болуды тілейміз.

Назарларыңызға Данара Наурызбайқызының жүрек жарды өлеңін ұсынамыз:

Тәуелсіздік тұғырым, қасиетім,
Тағзым етіп өзіңе бас иемін.
Қаншама ауыртпалық өткен екен,
Тыңдағанда бабалар өсиетін.

Қазағым тек өзіңе қорған ұлын,
Ерлігі осы күнде толғау ұғым.
Ел болдық, тәуелсіздік маңдай бағы
Бабалары аңсаған арманының.

Қанша ер, қанша қызы қыршың кетті,
Азаттық үшіндеумен ұлтым текті.

Тәуелсіздік тұғырым



Келешектің қамы үшін жас жалындар,
Сейілтті сұм немістің бұлтын дертті.

Болашақ ұрпақ үшін бөлім бүгіл,
Тәуелсіз болсын деген елдік ғұмыр.
Әлия, Мәншүкпенен Ләззат қыздар,
Соғысқа шықты тіпті ерің түгіл.

Қайраттар аңсап кеткен ақтығымен,
Ұрпақтар күні келді шаттығымен.
Қазақтың бар байлығы тәуелсіздік,
Табылған қазынадай қап түбінен.

СПОРТ – денсаулық кепілі

Мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканат құрамының ұйымдастыруымен Халықаралық спорт күніне орай спорттық ойын шарасы өткізілген болатын. Шара Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің спорт залында өтті.

Мақсаты - Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті мәдениет және өнер факультетінің студенттері арасында салауатты өмір салтын насихаттау, дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. Шараға университетіміздің I курс студенттері қатысты. Шара өте қызықты өтті. Студенттер денелерін шынықтырып, бойларын сергітіп, сенбілік демалысын қызықты өткізді.

Алтынай ТӨРЕМҰРАТОВА,
«Кітапхана ісі» мамандығының
1-курс студенті

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылым-дарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 585

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Дария ДЖУМАГАЛИ-ЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА, Шұғыла ЕҢСЕП, Гүлсезім СЕРІКБАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

ИП «Старков С.А.»

баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ауельбеков көшесі, 98.
Тел.: 8-716-2-25-14-90

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru